

Екпін ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 03 желтоқсандағы № 10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 желтоқсанда № 3591 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабы 2 тармағына сәйкес, 2014 жылғы 3 қыркүйектегі Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Екпін ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Екпін ауылдық округінің Екпін ауылындағы атауы жоқ көшеге – «Отыншы Әлжанов» атауы берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Екпін ауылдық округінің әкімі</i>	<i>Б.Сербатыров</i>
--------------------------------------	---------------------